

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
20 жылғы «» _____
№ ____ бұйрығына Қосымша

Қазақстан Республикасы Білім
және Ғылым
министрінің 2013 жылғы 3 сәуір
№115 бұйрығына Қосымша

Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1 – тарау. Жалпы ережелер

1. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты: білім алушыларда нақты өмірлік жағдайларға қажетті қолжетімді (вербальды емес және вербалды) қарым-қатынас құралдарын, графомоторлы және жазбаша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

3. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) қаратпа сөйлеу тілін түсіну және тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

2) қарым-қатынастың тілдік және балама құралдарын пайдалана отырып, әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру;

3) өз бетінше, графомоторлы және жазбаша сөйлеу тілін дамыту;

4) ауызша және жазбаша сөйлеу тілі мен қатынасқа түсу арқылы игерілген дағдыларды тұрмыстық жағдайларда қолдануға баулу;

5) игерілетін дағдыларды үздіксіз машықтандыру, бекіту;

6) еңбекқорлық, төзімділік, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) таным процестерін (зейін, қабылдау, ойлау, елестету, есте сақтау) дамыту;

- 2) енжар және белсенді сөздік қорын молайту, дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- 3) жалпы және ұсақ моторикасын, артикуляциялық моторикасын дамыту;
- 4) көру-моторлы үйлестіруін, кеңістік түсініктерін қалыптастыру;
- 5) эмоционалды және әлеуметтік-тұлғалық дамуына жағдайлар жасау.

2 – тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде төмендегілер ескеріледі:

- 1) таным процесінің төмендігі (тұрақсыз зейін, қабылдауының, елестетуінің, есте сақтау қабілетінің, ойлау процесінің әлсіздігі);
- 2) көріп, естіп, көру-кеңістіктік қабылдауының төмендігі;
- 3) педагогтің бағыттаушы көмегіне сәйкес әрекетінің жеткіліксіздігі;
- 4) сөйлеу тілінің мағыналық жағының бұзылысы, сөз қорының кедейлігі, байланыстырып сөйлеу тілінің жеткіліксіздігі;
- 5) өз бетінше қарым-қатынасқа түсуге ынтасының болмауы;
- 6) ересектің үздіксіз көмегі мен қолдауына мұқтаждығы.

6. «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің мазмұны ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, графомоторлы дағдыларды және қарым-қатынас орнату білігін қалыптастыруды көздейді.

7. Бағдарлама мазмұны ұсыныстық сипатқа ие, педагог әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен ерекше білім алу қажеттіліктеріне сәйкес, оқыту мазмұны мен қарқынына кез-келген өзгерістер енгізу құқығына ие.

8. Түзету-орнын толтырушы бағыттылық принципі зейінін, қабылдауын, ойлауын, сөйлеу тілін дамытуға және қарым-қатынас орната білуге ықпал етуші нақты жағдайлар құруды, жеке қарқында даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді қарастырады.

9. Білім беру процесін ұйымдастырудың арнайы тәсілдері нақты пәндік-практикалық іс-шаралар, нақты әрекеттер контекстінде күнделікті қарым-қатынас жағдайы ретінде білім алушыларды оқытуды ұйымдастыруға бағытталған.

10. Білім алушылардың ерекшеліктеріне, игерілген дағдылары мен даму деңгейіне бейімдеуді қарастыратын оқу материалдарының қолжетімділігі, бұл ретте олардың өмірлік жағдайлармен және ана тілімен байланысы көзделеді.

11. Білім, білік және дағдыларды бір жүйеде қалыптастыруды көздейтін принцип, яғни оқу материалының мазмұны логикалық байланысты, алдыңғы материалмен өзара үйлесімділікте жаңа материалды игеруді қарастырады.

12. Дербес және саралап оқыту принципі педагогтің әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және тұлғалық жетістіктерін бақылау нәтижелерінің негізінде оқытудың мазмұнын, әдістерін, түрлерін, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдауын, ұсынылатын тапсырмаларды білім алушының жеке мүмкіндігі мен ерекшелігіне қарай саралауын көздейді.

13. Әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тәжірибелік әрекеттерін және

әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін тиісті мектеп ортасын құру, бұл әртүрлі өмірлік жағдаяттарды көрсететін кеңістік құруды, білім алушыларды мектептен тыс күрделірек әлеуметтік ортаға енгізуді қарастырады.

14. Іс-әрекет тәсілі білім алушының педагогпен және қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігін тудыратын жағдайларды қарастырады, бұл қарым-қатынас қызметтеріне өз бетінше қатысу арқылы жүзеге асырылады.

15. Бағдарлама мазмұны оқытудың негізгі кезеңінде білім алушылардың вербальді және вербальді емес қарым-қатынас біліктіктерін дамыту құралы ретінде көрініс табады, оқыту сөйлеу тілінің реттеуші және қарым-қатынас қызметін дамытуға бағытталған.

16. Білім алушылардың қарым-қатынасқа түсу арқылы сөйлеу тілін дамытуда тәжірибелік және көрнекілік әдістер жетекші орын алады, сөйлеу тілін белсендіру заттармен, көрнекілік жағдайлармен тәжірибелік әрекет барысында іске асырылады.

17. Оқу процесінде білім алушыларды педагогтің сөйлеу тілін тыңдауға, сөйлеушінің жүзіне назар аударуға, әңгімелесушінің жүзіне қарауға үйрету жүзеге асырылады.

18. Оқу процесінде сөйлеу тілінің қарапайым грамматикалық формаларын меңгеру, сөздік қорын молайту және байланыстырып сөйлеу тілін игеруге бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

19. Білім алушылардың графомоторлы дағдыларын қалыптастыру жұмыстары мыналарды қолдану арқылы жүргізіледі:

1) қол білектерінің ұсақ бұлшықеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар (саусақ жаттығулары), әртүрлі көмекші заттар қолданылады;

2) ұсақ моторикасын дамыту және кеңістікте бағдарлауын қалыптастыру үшін трафарет, сызық бойынша жүргізу, үлкен мөлшердегі әртүрлі нүктелерді қосу жаттығулары, түзу, иілген, сынық сызықтардан тұратын жолдар шегінде жиектердің суреттерін салу;

3) әріптерді еске түсіретін пішін бойынша заттың суретін салу;

4) графомоторлық дағдыларын қалыптастыратын тапсырмаларды компьютерде орындау.

20. Білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасы 1-4 сынып аралығында қалыптасқан дағдылар деңгейінің ескерілуі және оның мүмкіндіктері туралы мәліметтердің негізінде құрастырылады.

21. Пәнаралық байланыс «Айналадағы әлем», «Адам және әлем», «Бейнелеу өнері», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану», «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» пәндері арасында орнайды.

22. Білім алушыларды оқуға үйрету кезінде олардың жеке мүмкіндіктерін және сөйлеу тілінің даму деңгейін ескеретін әртүрлі әдістерді қолданады. Білім алушылардың бір бөлігі толық сөздерді оқу әдісін меңгеруге қабілетті (жаһандық оқу), кейбір білім алушылар оқуды құрылым бойынша меңгереді, оқу дағдысы қолжетімсіз болатын білім алушыларда бар.

23. Білім алушылардың тіл дамыту және қатынас дағдылары пәндік-

практикалық, ойын, қарым-қатынас, оқу қызметтері негізінде қалыптастырылады.

24. Білім алушылардың жетістіктері сипаттамалық бағалаумен жүргізіледі, ол білім алушының жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Білім алушылардың жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыларды меңгерудің дербестік дәрежесі көрсетіледі: өз бетінше, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, көмекші, балама құралдардың көмегімен.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау шаралары келесі кезектілікке ие:

- 1) білім алушылардың даму, білім және дағдылар деңгейін шамалап бағалау;
- 2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымдық бағалау, білім алушының сабақтағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы іске асырылады;
- 3) аралық бағалау алғашқы жарты жылдық аяқталғанда іске асырылады;
- 4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқы жылының аяқталуы бойынша іске асырылады.

3 - тарау. «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің мазмұны

26. «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

27. Пәннің оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

28. «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Тіл дамыту» бөлімі;
- 2) «Қатынас» бөлімі;
- 3) «Графомоторлы дағдылар және жазу элементтері» бөлімі.

29. «Тіл дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөйлеу тілін түсіну;

2) ауызша сөйлеу тілі;

3) оқу элементтері.

30. «Қатынас» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қатынастық іс-әрекет;

2) сөйлеу тілі арқылы қатынас;

3) ақпараттық технология арқылы қатынас.

31. «Графомоторлы дағдылар және жазу элементтері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) графомоторлы дағдылар;

2) жазу элементтері;

3) жазықтықта бағдарлау.

32. 5-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

өз есіміне әсер ету, айналадағы адамдардың жағымды және жағымсыз эмоцияларын түсіну. Күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты өтініштерді түсіну. Жақындарының, сыныптастарының, мұғалімдерінің суреттен тану, тұрмыстық заттарды тиісті суреттермен сәйкестендіру;

дыбыстарды естіп, қабылдау және оларды дұрыс айту. Буындар кешені мен сөздерді анық айту. Өмірлік жағдайларға қатысты өз тілектерін, өтініштерін айта білу. Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру, диалогқа қатысу. Қарапайым тақпақтарды жаттау және айту. Сұрақтарға үлгі бойынша, ауызша айтылған тірек сөздер немесе сурет арқылы жауап беру. Таныс ертегі кейіпкерлерін атау, олардың әртүрлі эмоционалдық жағдайын айту. Ертегілерді сахналауға қатысу;

жеке әріптерді тану, айту, оларды біріктіріп оқу. Ашық, тұйық, бітеу буындарды оқу. Сөздерді буын жігімен дауыстап оқу. Екі немесе үш әріптен құрылған қысқа сөздерді оқу және мағынасын түсіну. Балама оқуды қолдану. Әрекет бойынша қарапайым анықтаушы сұрақтарды құрастыру. Мәтін мазмұнын педагогтің көмегімен анықтау, сұрақтарға жауап беру;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Мен мектепке барамын» (Б.Жақып), «Көңілді қыс» (Р.Сәбитұлы), «Алтын күз» (М.Әлімбаев), «Әріп сыры» (Е.Өтетілеуұлы), «Көрші атай» (М.Жаманбалинов), «Ұшқыш болғым келеді» (Қ.Аманжолов), «Мысықтың суреті» (С. Ахметов), «Көмек» (Ә.Табылдиев), «Әдеп» (Е.Өтетілеуұлы), «Қыркүйек» (Ж.Өмірбеков), «Қуанышты қайдан іздейді?» (А.Құдайбергенов), «Тақта білім айнасы» (Ә.Табылды);

2) қатынас:

қарапайым ым-ишара, мимика, дене қимылдары арқылы қарым-қатынасқа түсу: сәлемдесу, қоштасу, эмоциялық күйін көрсету. Қарапайым көрнекі бейнелер арқылы: өзіне таныс сөздердің жазбасын табу, заттың атын белгілерді, тақырып аясындағы және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммаларды, суреттерді көрсетіп, қарым-қатынасқа түсу. Қарапайым тактильді сезімдер арқылы қарым-қатынасқа түсу: сезіну, тұрту немесе қағу, сипау. Жағымды және жағымсыз эмоцияларын білдірудің балама әдістерін қолдану. Қарым-қатынас

жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты көрсете білу;

педагогтің көмегімен әңгімелесушінің назарын аударту, әңгімелесу барысында арақашықтық сақтау, кезектілікті сақтап сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қою және жауап беру арқылы диалогты қолдау. Педагогтің көмегімен әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Таныс заттардың суреттері арқылы сөздік сүйемелдеумен қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен 3-4 қысқа сипаттама сөйлемдер құрастыру арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін, ризашылықтарын жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдану. Таныс ертегілерді сөз арқылы рөлдік сахналауға қатысу. Күнделікті өмірде, тұрмыстық жағдайларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге ұмтылу;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

педагогке еліктеу бойынша қол мен саусақтарды қозғалту, саусақтарды ажырату, бұғу, екі қолмен үйлесімді іс-әрекет жасау. Берілген суретті үзік сызықтар үстімен бастырып, толықтыру және оларды бояу. Үлгі бойынша әртүрлі сызықтарды, иректерді, әріп элементтерін бастыру. Контурлы жаңа әріптерді бояу. Компьютерде заттық суреттерді бояу. Графикалық диктанттарды орындау: торкөз шектерін сақтап әртүрлі сызықтарды бастыру және жалғастыру; жүргізу;

өткен әріптерді қайталау, жаңа әріптермен, олардың баспа және жазба түрлерімен танысу. Педагогтің көмегімен меңгерілген әріптерді жазба және баспа түрде жазуға жаттығу, оларды сәйкестендіру. Меңгерілген әріптерді ауада жазу, нүктелерді саусақпен, қарындашпен, қаламмен қосу, контуры бойымен орындау арқылы жазу. Жаңа әріптерді қатыстырып, буындар құрастыру және оларды жазу. Өзіне таныс қысқа, қарапайым сөздерді үлгі бойынша жазу және компьютерде жазу. Жаңа әріптерді өзіне таныс сөздер арасынан табу. Өткен әріптерден басталатын сөздерді суреттермен сәйкестендіру;

контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде берілген көлденең, тік сызықтарды (түзу, қисық, сынған, шиыршық) интервалды сақтап, жалғастыру. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан суреттердің орындарын, реттілігін анықтау. Парақта берілген суреттердің орындарын анықтау. Графикалық диктанттарды орындау: сызықтарды көрсетілген бағыт (жоғары, төмен, оңға, солға) бойынша нүктелерді қосу.

33. 6-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

өз есіміне әсер ету, айналадағы адамдардың жағымды және жағымсыз эмоцияларын түсіну. Күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты өтініштерді түсіну. Есімдері бойынша жақындарын, сыныптастарын, мұғалімдерін суреттен тану, тұрмыстық заттарды олардың сипаттамасы бойынша тану;

дыбыстарды буындарда, сөздерде дұрыс айту. Жуан, жіңішке

дауыстыларды естіп, ажырату және қайталау. Жуан және жіңішке дауыстылардан құралған буындар мен сөздерді қайталау және ажырату. Мнемотехника арқылы сөйлемдерді, қарапайым тақпақтарды айту. Сұрақтарға сурет, ауызша айтылған тірек сөздер көмегімен жауап беру. Диалогқа қатысу. Суреттерге сүйеніп таныс ертегілерді қайталау. Ертегілерді сахналауға қатысу;

буындап оқу, бүтін сөздерді, сөз тіркестерін оқу, дауыстап оқу. Мәтінге берілген суреттерді тірекке алып оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Оқу барысында тыныс белгілеріне сәйкес интонацияны сақтау. Орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру. Мнемотехника арқылы сөздерді оқу. Балама оқуды қолдану. Педагогтің көмегімен мәтіннің тақырыбын және жетекші ойды анықтау, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Қолғанат», «Наурыз» (Б.Жақып), «Жапырақтар» (А.Мусина), «Менің жадым» (А.Асылбек), «Гүлді жұлма, өсір» (М.Дүйсенов), «Көшедегі сабақ» (Қ.Омарұлы), «Көмекшілер» (Ә. Шапағат), «Қыс қызығын тойлаймыз» (Т.Молдағалиев), «Жапалақ қар» (Қадыр Мырза Әли), «Балапан мен мысық» (Д.Мамырова), «Алма» (Г.Әзірбаева), «Тәтті мақта» (Н.Құмар), «Екі дос» (А.Хамзаұлы), «Туған күн» (Р. Әбілқадырова), «Алаңғасар Жаппас» (Ә.Файзуллаұлы), «Маңдай тер» (Б.Досымов), «Нан қайдан келді?» (М.Етекбаев);

2) қатынас:

дене мүшелерін қолдана отырып, ым-ишара, мимика, дене қимылдары арқылы қарапайым жағдаяттық қарым-қатынасқа түсу. Тақырып аясындағы сөздердің жазбалары, зат пен әрекетке тән белгілер және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммалар мен суреттерді қолдану арқылы қарым-қатынасқа түсу. Сезіну, түрту немесе қағу, сипау сезімдері арқылы қарым-қатынасқа түсу. Балама қарым-қатынас құралдары арқылы сұрақтар қою және жауап беру. Басқа адамның эмоционалдық күйлерін (қуаныш, ашу, қорқыныш) тану және көрсету. Белгілі бір жағдаятқа жағымды эмоционалды қатынасты көрсете білу;

сөйлеу кезінде бетіне қарау, әңгімелесу барысында арақашықтық сақтау, кезектілікті сақтап сөйлеу. Күнделікті өмірлік жағдайлар аясында сұрақтар қою және жауап беру арқылы диалогты қолдау. Күнделікті өмірдегі, сабақ үстіндегі әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Белгілі жағдай мен әрекеттерді бейнелейтін суреттер, пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен 2-3 қысқа іс-әрекетті көрсететін сөйлемдер құрастыру арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін, ризашылықтарын жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдану. Ертегілерді, таныс мысалдарды сөз арқылы рөлдік сахналауға қатысу. Күнделікті өмірде, тұрмыстық жағдайларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дағдылану;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

үлгі бойынша қол мен саусақтарды саралап қозғалту, саусақтарды ажырату, бұғу, екі қолмен, саусақтармен үйлесімді іс-әрекет жасау. Тақырып

аясындағы суретті, әріптерді үзік сызықтар үстімен бастырып, толықтыру және оларды бояу. Өртүрлі сызықтарды, иректерді, әріп элементтерін жалғастыру. Үлгі бойынша заттардың контурын жалғастыру. Компьютерде сюжетті суреттерді бояу. Графикалық диктанттарды орындау: торкөз шектерін сақтап өртүрлі сызықтарды жалғастыру және жүргізу;

өткен әріптерді қайталау, жаңа әріптермен, олардың баспа және жазба түрлерімен танысу. Бейнеленуі ұқсас әріптерді жазуда ажырату, бір әріп арқылы ерекшеленетін сөздерді ажырату. Бірдей элементтердің саны (И-Ш), элементтердің бірінің бар болуы немесе болмауы (Г-П), бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді салыстыру. Педагогтің нұсқауы бойынша жазбаша жаттығуларды орындау, сөз тіркестерін жазу және компьютерде жазу. Сөйлем бас әріптен басталып, соңында нүкте қойылатынын түсіну. Айтылуы жазылуымен сәйкес біріккен сөздерді жазу. Жаңа әріптерден басталатын сөздерді ажырату және суреттермен сәйкестендіру;

контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде түзу, қисық, сынған, шиыршық сызықтарды интервалды сақтап, көлденең және тік бағыттарда оңнан солға қарай сызу. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан суреттердің орындарын, сандық үлгідегі реттілігін анықтау. Парақта көрсетілген заттардың орындарын анықтау. Суретте көрсетілген маршрут бойынша жоғары, төмен, оңға, солға бағыттарының көмегімен объекті тиісті нүктеге жеткізу арқылы графикалық диктантты орындау.

34. 7-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсіну. Қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну. Педагогтің ауызша өтініші бойынша күнделікті өмірде өзіне таныс заттардың суреттерін тану және ажырату. Тұрмыстық заттарды олардың қатыстылығы бойынша тану;

жуан, жіңішке дыбыстарды естіп, қабылдау және оларды буындарда, сөздерде дұрыс айту. Жуан және жіңішке дауыстылардан құралған буындар мен сөздерді ажырату. Такпақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді жаттау және айту. Тиісті дыбысқа сәйкес суретті, затты немесе сөзді табу және атау. Мнемотехника арқылы сөйлемдерді, такпақтарды, қысқаша ертегілерді айту, қайталау, жаттау. Оқылған мәтінге педагогтің көмегімен суреттер бойынша ұқсас әңгіме құрастыру. Сұрақтарға өз бетінше жауап беру. Әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне педагогтің көмегімен мінездеме беру. Тақырып аясында қойылым қою;

сөз тіркестерін, қарапайым сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп, дауыстап оқу. Тірек суреттердің көмегімен сұрақтарға жауап беру. Педагогтің сұрақтары бойынша мәтіннің мазмұнын айту, мәтін кейіпкерлерін атау. Мазмұны қолжетімді мәтін мазмұнын өз бетінше анықтау, сұрақтарға жауап беру. Қарама-қарсы мағыналы, мәндес сөздердің мағыналарын түсіну. Қарама-қарсы мағыналы, мәндес сөздердің мағыналарын түсініп, оқу. Заттың қимылын

білдіретін сұрақтарға жауап беру, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау. Балама оқуды қолдану. Мнемотехника арқылы сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдерді оқу;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Мектеп біздің анамыз» (Ә.Тұрманжанов), «Әдепсіз» (Қ.Ахметов), «Күзгі жапырақтар» (Қ.Шаңғытбаев), «Жанашыр» (Ж.Кенжалиев), «Жалқау» (Д.Қасенов), «Бақша ағаштары» (Ы.Алтынсарин), «Бір атаның ұрпағы» (Е.Сәрсенбаев), «Қыс қуанышы» (Ә.Ысқақбай), «Табиғатты қорға» (Қ.Аймағамбетов), «Жаңа достар» (Ж.Архарова), «Әже» (Ф.Оңғарсынова), «Қарлығаштың қасиеті» (Ғ.Сайран), «Аппақ бала» (Ә.Табылдыев), «Біздің Қазақстан» (М.Әлімбаев), «Болашақ футболшы» (Б.Тәжібаев), «Бір күндік қызық» (М.Айымбетов);

2) қатынас:

дене мүшелерін қолдана отырып, яғни ым-ишара, мимика мен дене қимылдары арқылы жағдаяттық қарым-қатынасқа түсу. Тақырып аясындағы сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдердің жазбаларын табу, затты сипаттайтын белгілер, тақырып аясындағы және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммалар мен суреттермен қарым-қатынасқа түсу. Сезіну, түрту немесе қағу, сипау сияқты тактильді сезімдер арқылы қарым-қатынасқа түсу. Балама қарым-қатынас құралдары арқылы сұрақтар қою және сыни түсініктеме беру. Басқа адамның эмоционалдық күйлерін (қуаныш, ашу, қорқыныш) тану және ажырату. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Жағдаятқа байланысты жағымды қарым-қатынасты көрсете білу;

сөйлеу кезінде бетіне қарау, әңгімелесу барысында арақашықтық сақтау, кезектілікті сақтап сөйлеуге дағдылану. Нақты жағдайлар аясында сұрақтар қою және жауап беру арқылы диалогты қолдау. Сабақ үстіндегі, сабақтан тыс кездегі әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Белгілі жағдай мен әрекеттерді, табиғи құбылыстарды бейнелейтін суреттер, пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен 3-4 қысқа іс-әрекетті көрсететін сөйлемдер құрастыру арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін білдіру, ризашылықтарын жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдану. Таныс әңгімелерді, мысалдарды сөз арқылы рөлдік сахналауға қатысу. Күнделікті өмірде, сабақ кезінде, сабақтан тыс іс-шараларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дағдылану;

педагогтің көмегімен көмекші қарым-қатынас құрылғылары (техникалық құралдар) арқылы балама қарым-қатынас орната білу. Педагогтің көмегімен қарапайым дыбыстаушы құрылғыларда және коммуникаторларда өз тілектерін, ризашылықтарын суреттер арқылы көрсету. Педагогтің көмегімен сөйлеу синтезаторы арқылы қарым-қатынасқа түсу. Қарым-қатынасқа түсу үшін педагогтің көмегімен арнайы компьютерлік бағдарламаларды пайдалану. Педагогтің көмегімен әлеуметтік желі арқылы қарым-қатынасқа түсу;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

еліктеу бойынша қолмен нейропсихологиялық жаттығуларды орындау. Тақырып аясындағы әріптерді үзік сызықтар үстімен бастырып, толықтыру. Үлгі бойынша әртүрлі сызықтарды, иректерді, әріптерді салу. Заттардың контурын жүргізу. Педагогтің көмегімен компьютерде нүктелерді қосу арқылы әріптерді салу. Графикалық диктанттарды орындау: үлгі бойынша қарапайым суретті торкөзде жалғастыру;

бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді ажырату. Жалқы есімдердің бас әріппен жазылатынын түсіну және оларды әртүрлі тәсілдерді қолданып, педагогтің көмегімен жазу. Заттың атын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді таңдау және қысқа сөйлемдер жазу және компьютерде жазу. Педагогтің көмегімен жалғауларды дұрыс қолданып, жазу. Қысқаша жазба және баспа мәтіндерін дұрыс көшіріп жазу (тұтас және тастап кеткен әріптерді қою). Меңгерілген тәсілдерді қолданып, тыныс белгілерді дұрыс қойып, сөйлемдер жазу. Мәтіннен табу немесе берілген тақырыпқа тірек сөздер, сурет, сұрақтар бойынша сөйлемдер құрастырып, жазу. Сөйлемдегі сөздердің бұзылған реттілігін қалыпқа келтіру;

контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде түзу, қисық, сынған, шиыршық сызықтарды интервалды сақтап, көлденең және тік бағыттарда төменнен жоғарыға қарай сызу. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан таныс дауысты, дауыссыз әріптердің орындарын, реттілігін анықтау. Парақта көрсетілген торкөзге суреттерді педагогтің сөздік нұсқауымен тиісті орнына орналастыру. Суретте көрсетілген маршрут бойынша жоғары, төмен, оңға, солға бағыттарының көмегімен объекті тиісті нүктеге жеткізу арқылы графикалық диктантты орындауға дағдылану.

35. 8-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

қаратпа сөздердің мағынасын түсіну. Тақырып аясында педагогтің, сыныптастарының өтініштерін, қарапайым нұсқауын түсіну. Педагогтің ауызша нұсқауы бойынша сюжеттік суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерді тану. Тұрмыстық заттарды олардың қатыстылығы бойынша ажырату;

буындар мен сөздердің дыбыстық құрылымын ажырату және дұрыс айту. Жуан және жіңішке дыбыстардың сөзде қолданылуына қарай сөз мағынасын ажырату және айту. Өз бетінше өтініштерін айту, диалог орнату, сұрақтар қою. Затты қасиеттері бойынша тану және сипаттау. Мнемотехника арқылы өлеңдерді жаттау, ертегілерді құрастыру және айту. Мәтінде не туралы айтылғанын суреттен көрсету, сюжетті суреттер арқылы оқылған мәтінге ұқсас әңгіме құрастыру. Әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне мінездеме беру. Тақырып аясында қойылым қою;

сөз тіркестерін, сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп, дұрыс оқу. Мәтіннің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атау. Қарама-қарсы мағыналы, мәндес сөздердің мағыналарын түсініп, оқу. Педагогтің көмегімен мәтінді әңгімелеу, мәтін мазмұнын анықтау, мазмұны бойынша сұрақтарға

жауап беру. Заттың қимылын білдіретін сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру. Балама оқуды қолдану. Мнемотехника арқылы сөйлемдерді оқу. Мәтіннен керекті сөзді тауып оқу;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Мен ғарышкер боламын» (Ж. Смақов), «Сусын туралы жыр» (Т.Бердияров), «Жанкүйерлер» (Ә.Файзуллаев), «Тапсам деймін уақыт» (Р.Тышқанбаев), «Айналайын Отаным!» (С.Асанов), «Алтын бала» (С.Тұрдалиев), «Тырналар» (Ұ.Есдәулетов), «Бақшада» (Ж.Кәрбозин), «Әжесін қайсысы жақсы көреді?» (М.Төрежанов), «Аша қар» (Б.Сокпақбаев), «Сырғанак» (Б.Жақып), «Күлме досқа» (А.Хамзеұлы), «Көктем сәні» (Б.Әділов), «Кұстың ұясы» (А.Мусина), «Өзен» (Ы.Алтынсарин), «Денсаулық» (Ә.Шамұратова), «Инелік пен тиін» (Т.Жексенбай), «Көктем деген немене?» (Ж.Жабаев), «Тазалық» (Қадыр Мырза Әлі), «Қайтпай қалған қарлығаш» (Т.Тойбазарұлы);

2) қатынас:

дене мүшелерінің көмегімен, қарым-қатынасқа түсу: ым-ишара, мимика, дене қимылдары арқылы қарапайым оқиғаны көрсетіп, жеткізу. Тақырып аясындағы сөйлемдерді табу, өзіне таныс әрекетті, құбылысты және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммалар мен суреттермен қарым-қатынасқа түсу. Сезіну, түрту немесе қағу, сипау сияқты тактильді сезімдері арқылы қарым-қатынасқа түсу. Тактильді сезімдер арқылы қарым-қатынасқа түсу: сезіну, түрту немесе қағу, сипау. Балама қарым-қатынас құралдары арқылы сыни түсініктеме беру. Эмоционалдық күйлерді (қуаныш, ашу, қорқыныш) ажырату. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Келісуді немесе бас тартуды, өз өтініштерін, ризашылықты білдіретін балама әдістерді қолдану;

көз арқылы қатынас орнату, арақашықтық сақтап, кезектесіп әңгімелесуге дағдылану. Белгілі бір ақпарат аясында сұрақтар қою және жауап беру арқылы диалогты қолдау. Сабақ үстіндегі, сабақтан тыс кездегі әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Нақты жағдаятты көрсететін суреттер, пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен 3-4 сипаттайтын және іс-әрекетті көрсететін сөйлемдер құрастыру арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін білдіру, ризашылықтарын жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдануға дағдылану. Әңгіме, өлең, мысал кейіпкерлерін сөз арқылы рөлдік сомдауға қатысу. Күнделікті өмірде, сабақ кезінде, сабақтан тыс іс-шараларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дағдылану;

педагогтің көмегімен электрондық калькуляторды, компьютерді, сандық теледидарды, ұялы телефонды және басқаларды қолданып, балама қарым-қатынас орната білу. Жазатын, дыбыстаушы құрылғыларда және коммуникаторларда өз тілектерін, белгілі бір жағдайға қатысты ойларын, ризашылықтарын білдіруге дағдылану. Сөйлеу синтезаторы арқылы қарым-қатынасқа түсуге дағдылану. Қарым-қатынасқа түсу үшін арнайы компьютерлік бағдарламаларды пайдалануға дағдылану. Әлеуметтік желі арқылы қарым-

қатынасқа түсуге дағдылану;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

үлгі бойынша қолмен және саусақтармен нейропсихологиялық жаттығуларды орындау. Үзік сызықтар бойымен таныс сөздерді бастыру. Заттардың контурын салу. Өз бетінше компьютерде нүктелерді қосу арқылы әріптерді салу. Шиыршық сызықтарды іштен сыртқа, сырттан ішке қарай сызу. Графикалық диктанттарды орындау: үлгі бойынша суретті торкөзде салу;

бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді ажырату, олардың сөз мағынасын өзгерту ерекшелігін түсіну. Жалқы есімдердің ерекшелігін сақтап, қарапайым сөйлем жазу. Ұяң және қатаң дауыссыздар, оларды ажырату. Заттың атын, іс-әрекетін, сипатын білдіретін сөздермен сөйлемдер жазу және компьютерде жазу. Өз бетінше жалғауларды дұрыс қолданып, жазуға дағдылану. Жазба және баспа мәтіндерін дұрыс көшіріп жазуға дағдылану (тұтас және тастап кеткен әріптерді қою). Сюжеттік суреттерге сүйене отырып, заттық іс-әрекет бойынша сөйлемдер құрастырып, тыныс белгілерді сақтап, жазу. Шылаулардың сөздерден бөлек жазылуын меңгеру және педагогтің көмегімен жазу. Сөйлемдегі сөздердің бұзылған реттілігін қалыпқа келтіруге дағдылану;

бір контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде әртүрлі (түзу, қисық, сынған, шиыршық) сызықтарды қатар көлденең және тік бағыттарда сызу. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан қысқа әріптердің кезектілігін анықтау. Парақта көрсетілген торкөзге сөздерді педагогтің сөздік нұсқауымен тиісті орнына орналастыру. Суретте көрсетілген маршрут бойынша жоғары, төмен, оңға, солға бағыттарының көмегімен объектті тиісті нүктеге жеткізуді өз бетінше орындау.

36. 9-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

тақырып аясында сөз тіркестерін, қарапайым сөйлемдерді түсіну. Күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты екі-үш нұсқаудан тұратын өтініштерді түсіну. Педагогтің ауызша нұсқауы бойынша сюжеттік суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерді ажырату. Септік сұрақтары бойынша сюжеттік суреттерді тану және ажырату;

дауыссыз дыбыстарды естіп, ажырату және тиісті суретпен сәйкестендіре отырып, атау. Әңгімелесушілердің тиісті тақырып аясында диалогқа қатысуы. Сериялы суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру және айту. Мәтіндегі суреттер арқылы жағдаятты әрі қарай болжау. Затты қасиеттері бойынша сипаттау және ажырату, таныс іс-әрекеттерді сипаттау. Мнемотехника арқылы өлеңдерді жаттау, ертегілерді құрастыру және айту. Ұсынылған жауаптар (суретте көрсетілген) арасында дұрыс жауабын таңдау арқылы жұмбақтарды шешу. Жеке әсерлері, сюжетті суреттер бойынша, педагог оқыған мәтінге ұқсас әңгіме құрастыру, сахналау;

сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп оқу, өлеңдерді мәнерлеп оқу. Қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын түсініп, оқу. Мәтіннің

тақырыбын анықтау, педагогтің көмегімен жетекші ой қорытындыланған бөлімді немесе сөйлемді тауып, оқу. Балама оқуды қолдану. Мнемотехника арқылы сөйлемдерді оқу. Мәтіннен керекті сөзді тауып оқу. Диалог құруға бағытталған мәтіндерді оқу;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Алтын ұям мектебім» (Қ.Әбділдәқызы), «Ақылшым мұғалім» (Ә.Дүйсенбиев), «Достар» (М.Төреханов), «Рақмет» (М.Ерімбетов), «Қараша» (Қ.Төреқожа), «Ізбасар» (Ж.Әлмешов), «Оқу» (Е.Өтетілеуов), «Қызғаныштың кесірі» (Г.Әзімбаева), «Асыл әдет» (Ә.Нұршайықов), «Алғашқы қар» (М.Жаманбалинов), «Сәтсіз саяхат» (Н.Сералиев), «Істен шыққан сөмке» (Б.Әділ), «Ұя» (Ж.Кәрбозин), «Жер шуағы» (М.Абылқасымова), «Түсіне қарама» (С.Сауытбеков), «Қымбат сыйлық» (Б.Мұстафин), «Байлық» (Ы.Алтынсарин), «Туған жерге саяхат» (Б.Жақып), «Жазғытұры» (А.Құнанбаев);

2) қатынас:

ым-ишара, мимика, дене қимылдарының көмегімен тақырып аясындағы мәтін кейіпкерлерінің әрекетін көрсету арқылы қарым-қатынасқа түсу. Сөйлемдерді табу, белгілі бір әрекетті, құбылысты және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммалар мен суреттермен қарым-қатынасқа түсу. Тактильді сезімдерді сәйкесінше қолдану. Балама қарым-қатынас құралдары арқылы сыни түсініктеме беру. Жағымды және жағымсыз эмоционалдық күйлерді ажырату, сәйкесінше көрсету. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы әңгімелесушімен көз байланысын орната отырып, диалогқа түсу. Келісуді немесе бас тартуды, өз өтініштерін, ризашылықты өз бетінше білдіретін балама әдістерді қолдану;

өз бетінше көз арқылы қатынас орнату, арақашықтық сақтап, кезектесіп әңгімелесу. Тақырып аясында сұрақтар қою және жауап беру арқылы өз бетінше диалог орнату. Сабақ үстіндегі, сабақтан тыс кездегі әрекеттерін сөзбен үйлестіруге дағдылану. Нақты оқиғаны көрсететін суреттер, пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен, оқиғаны әрі қарай болжай отырып, қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен нақты жағдайды сипаттайтын сөйлемдер құрастыру және әрі қарай болжау арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін білдіру, ризашылықтарын өз бетінше жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдануға дағдылану. Өздеріне таныс оқиғаны сөз арқылы рөлдік сомдауға қатысу. Күнделікті өмірде, сабақ кезінде, сабақтан тыс іс-шараларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дағдылану;

өз бетінше электрондық калькуляторды, компьютерді, сандық теледидарды, ұялы телефонды, принтерді және басқаларды қолданып, балама қарым-қатынас орната білу. Жазатын, дыбыстаушы құрылғыларда және коммуникаторларда өз тілектерін, сабақ кезіндегі және сабақтан тыс іс-шараларға қатысты ойларын, ризашылықтарын өз бетінше білдіру. Сөйлеу синтезаторы арқылы қарым-қатынасқа өз бетінше түсу. Қарым-қатынасқа түсу үшін арнайы компьютерлік бағдарламаларды өз бетінше пайдалану. Элеуметтік желі арқылы қарым-қатынасқа өз бетінше түсу;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

бас әрпі үзік сызықтармен берілген сөздерді тірек суреттің көмегімен жол шектерін сақтап жалғастыру. Күрделі контурлы заттарды салу. Компьютерде нүктелерді қосып, әріптерді салу арқылы сөз құрау. Шиыршық сызықтарды екі қолмен бір уақытта іштен сыртқа, сырттан ішке қарай сызу. Графикалық диктанттарды орындау: суретті торкөзде өз бетінше салу;

бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді ажырату, олардың сөз мағынасын өзгерту ерекшелігін анықтау. Жалқы есімдердің ерекшелігін сақтап, өз бетінше сөйлем жазу. Ұяң және қатаң дауыссыздардың айтылуы мен жазылуындағы ұқсастықты және айырмашылықты ескеріп, жазу. Заттың атын, іс-әрекетін, сипатын білдіретін сөздермен өз бетінше сөйлемдер жазу және компьютерде жазу. Мәтінде жетіспейтін қысқа сөзді тауып, толықтырып жазу. Сериялы суреттерге сүйене отырып, заттық іс-әрекет бойынша сөйлемдер құрастырып, тыныс белгілерді сақтап, жазу. Шылаулардың, жалғаулардың ерекшеліктерін сақтап, сөйлемдер жазу. Мәтіндегі сөздердің бұзылған реттілігін қалыпқа келтіріп, жазу;

контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде түзу, қисық, сынған, шиыршық сызықтарды көлденең бағытта екі қолмен бір уақытта ортасынан екі жаққа қарай және керісінше сызу. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан қысқа сөздердің орындарын анықтау. Бос парақ бетінде бағдарлану: затты немесе суретті орналастыру. Суретте көрсетілген күрделі маршрут бойынша жоғары, төмен, оңға, солға бағыттарының көмегімен объекті тиісті нүктеге жеткізуді өз бетінше орындау.

37. 10-сыныпқа арналған «Сөйлеу және коммуникацияны дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл дамыту:

күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты екі-үш нұсқаудан тұратын өтініштерді түсіну. Жаңа сөздердің мағынасын, күнделікті іс-әрекетке байланысты сөздерді түсіну. Сөздердің грамматикалық формаларын тану және ажырату. Суреттер бойынша септіктерді ажыратуға арналған сұрақтарды білу және ажырату;

қойылған мақсатқа сәйкес ақпаратты тыңдалған мәтіннен бөлу, түрлі ақпаратты қабылдау, ақпараттың мазмұнына байланысты сұрақтар құрастыру. Жағдаяттың уақытына, шарттарына және мақсатына сай өз іс әрекеттерін реттеуге және жоспарлауға белсенді сөздік нормаларды қолдану. Өмірлік жағдаяттарды, табиғи құбылыстарды, іс-әрекеттерді сипаттау. Затты қасиеттері бойынша сипаттау және ажырату. Шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері, сипаттамалары және оқиғалар арқылы жағдаятты әрі қарай болжау. Қарапайым өлеңдерді, жұмбақтарды жатқа айту. Жұмбақтарды шешу. Сериялы суреттер бойынша оқиғаны мазмұндау. Әдеби шығарманың кейіпкерлерін бейнелеу, қойылым қою;

сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп оқу, өлеңдерді мәнерлеп оқу. Қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын түсініп, оқу және

ажырату. Балама оқуды қолдану. Мнемотехника арқылы сөйлемдерді оқу. Мәтіннен керекті сөзді тауып оқу. Диалог құруға бағытталған мәтіндерді оқу. Мәтінді әңгімелеу, мәтін мазмұнын анықтау, оқылған мазмұн бойынша сұрақтар құрастыру. Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтарға өз бетінше жауап беру. Оқиғалар тізбегін сақтай отырып мәтіннің мазмұнын айту;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: «Оқуға шақыру» (А.Байтұрсынов), «Өтірік өрге бастырмас» (Д.Мамырбаева), «Бұлбұл мен тоқылдақ» (Ш.Смақанұлы), «Айтшы, әжетай» (Ж.Смақов), «Құдық басында» (Ә.Шынбатыров), «Кішіге қамқор бол» (Б.Ысқақов), «Сырғанақта» (Б.Сокпақбаев), «Қыста құстар қадірлі» (Е.Елубаев), «Тапсырма» (Ә.Файзуллаев), «Керемет көктем» (Б.Мұстафин), «Ізетті бала» (Г.Әзімбаева), «Ана пейілі» (А.Ормантаев), «Жас шыбық» (С.Сарғасқаев), «Қайыңның көз жасы» (Т.Әбдірайым), «Бірлік» (Д.Дөнентаев), «Бес міндет» (Ә.Табылды), «Чемпион» (С.Дүйсенбиев);

2) қатынас:

ым-ишара, мимика, дене қимылдарын қолданып, тақырып аясындағы мәтін кейіпкерлерінің әрекетін көрсету арқылы қарым-қатынасқа түсу. Жазылған сөйлемдердің арасынан тиістісін табу, белгілі бір оқиғаны және өз қажеттіліктерін білдіретін пиктограммалар мен суреттермен қарым-қатынасқа түсу. Тактильді сезімдерді сәйкесінше қолдану. Балама қарым-қатынас құралдары арқылы сыни түсініктеме беру. Жағымды және жағымсыз эмоционалдық күйлерді тиістілігіне қарай көрсету. Әңгімелесушінің бетіне қарап, ым-ишара, сөз, әрекет арқылы диалогқа түсу. Келісуді немесе бас тартуды, өз өтініштерін, ризашылықты өз бетінше білдіретін балама әдістерді қолдану;

өз бетінше көз арқылы қатынас орнату, арақашықтық сақтап, кезектесіп әңгімелесуге дағдылану. Белгілі бір ақпарат аясында сұрақтар қою және жауап беру арқылы өз бетінше диалог орнату. Сабақ үстіндегі, сабақтан тыс кездегі әрекеттерін сөзбен үйлестіруге дағдылану. Нақты оқиғаны көрсететін суреттер, пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен, оқиғаны әрі қарай болжай отырып, қарым-қатынасқа түсу. Сөздер жазылған карталармен нақты жағдаят іс-әрекетін көрсететін сөйлемдер құрастыру және әрі қарай болжау арқылы қарым-қатынас орнату. Пиктограммалар арқылы сөздік сүйемелдеумен өз қажеттіліктерін білдіру, ризашылықтарын өз бетінше жеткізу. Қарым-қатынасқа түсу кезінде сөз таптарын, жалғауларды дұрыс қолдануға дағдылану. Өздеріне таныс оқиғаны әрі қарай болжай отырып, сөз арқылы рөлдік сомдауға қатысу. Күнделікті өмірде, сабақ кезінде, сабақтан тыс іс-шараларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дағдылану;

өз бетінше электрондық калькуляторды, компьютерді, сандық теледидарды, ұялы телефонды, принтерді және басқаларды қолданып, балама қарым-қатынас орната білуге даңдылану. Жазатын, дыбыстаушы құрылғыларда және коммуникаторларда өз тілектерін, сабақ кезіндегі және сабақтан тыс іс-шараларға қатысты ойларын, ризашылықтарын өз бетінше білдіруге дағдылану. Сөйлеу синтезаторы арқылы қарым-қатынасқа өз бетінше түсуге дағдылану. Қарым-қатынасқа түсу үшін арнайы компьютерлік бағдарламаларды өз бетінше

пайдалануға дағдылану. Әлеуметтік желі арқылы қарым-қатынасқа өз бетінше түсуге дағдылану;

3) графомоторлы дағдылар және жазу элементтері:

бас әрпі үзік сызықтармен берілген сөздерді тірек суреттің көмегімен жол шектерін сақтап жалғастыруға дағдылану. Компьютерде нүктелерді қосып, әріптерді салу арқылы өз бетінше сөз құрауға дағдылану. Күрделі контурлы заттарды салуға дағдылану. Шиыршық сызықтарды бір уақытта іштен сыртқа, сырттан ішке қарай сызуға дағдылану. Графикалық диктанттарды орындау: суретті торкөзде өз бетінше салуға дағдылану;

бейнеленуі бойынша ұқсас әріптердің ерекшелігін анықтауға дағдылану. Жалқы есімдерді қолданып, өз бетінше сөйлем жазу. Сөйлем жазу кезінде айтылуы және жазылуы ұқсас дауыссыздардың айырмашылықтарын ескеру. Заттың атын, іс-әрекетін, сипатын білдіретін сөздермен өз бетінше сөйлемдер жазуға дағдылану және компьютерде жазу. Қарапайым сөздерден тұратын жазба мәтіндерді дұрыс жазу. Тұрмыстағы оқиға бойынша өз бетінше сөйлемдер құрастырып, тыныс белгілерді сақтап жазу. Шылаулардың, жалғаулардың ерекшеліктерін сақтап, өз бетінше сөйлемдер жазу. Мәтіндегі сөздердің бұзылған реттілігін қалыпқа келтіріп, өз бетінше жазу;

контурлы суреттің немесе геометриялық пішіннің ішінде түзу, қисық, сынған, шиыршық сызықтарды көлденең бағытта екі қолмен бір уақытта ортасынан екі жаққа қарай және керісінше сызуға дағдылану. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі жолдарда орналасқан қысқа сөздердің кезектілігін анықтау. Бос парақ бетінде бағдарлану: қима сөздерді орналастыру. Суретте көрсетілген күрделі маршрут бойынша жоғары, төмен, оңға, солға бағыттарының көмегімен объекті тиісті нүктеге жеткізуді өз бетінше орындауға дағдылану.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада ұсынылған оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.1.1.5 кодтамасында: «5» сынып, «1.1» – бөлімше, «5» – оқу мақсатының нөмірленуі.

1) «Тіл дамыту» бөлімі:

1-кесте

Бөлім ше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1. Сөйлеу тілін түсіну	5.1.1.1 айналадағы адамдардың жағымды және жағымсыз	6.1.1.1 айналадағы адамдардың жағымды және жағымсыз	7.1.1.1 тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің	8.1.1.1 қаратпа сөздердің мағынасын түсіну	9.1.1.1 тақырып аясында сөз тіркестерін, қарапайым	10.1.1.1 күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты

	эмоцияларын түсіну	эмоцияларын түсіну	мағынасын түсіну		сөйлемдерді түсіну	ы екі-үш нұсқаудан тұратын өтініштерді түсіну
	5.1.1.2 жақындарын, сыныптастарын, мұғалімдерді суреттен тану	6.1.1.2 күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты өтініштерді түсіну	7.1.1.2 қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсіну	8.1.1.2 тақырып аясында педагогтің, сыныптастарының өтініштерін, қарапайым нұсқауын түсіну	9.1.1.2 күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты екі-үш нұсқаудан тұратын өтініштерді түсіну	10.1.1.2 жаңа сөздердің мағынасын, күнделікті іс-әрекетке байланысты сөздерді түсіну
	5.1.1.3 күнделікті тұрмыстық жағдайларға байланысты өтініштерді түсіну	6.1.1.3 есімдері бойынша жақындарын, сыныптастарын, мұғалімдерін суреттен тану	7.1.1.3 педагогтің ауызша өтініші бойынша күнделікті өмірде өзіне таныс заттардың суреттерін тану және ажырату	8.1.1.3 педагогтің ауызша нұсқауы бойынша сюжеттік суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерді тану	9.1.1.3 педагогтің ауызша нұсқауы бойынша сюжеттік суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерді ажырату	10.1.1.3 сөздердің грамматикалық формаларын тану және ажырату
		6.1.1.4 тұрмыстық заттарды олардың сипаттамасы бойынша тану	7.1.1.4 тұрмыстық заттарды олардың қатыстылығы бойынша тану	8.1.1.4 тұрмыстық заттарды олардың қатыстылығы бойынша ажырату	9.1.1.4 септік сұрақтары бойынша сюжеттік суреттерді тану және ажырату	10.1.1.4 суреттер бойынша септіктерді ажыратуға арналған сұрақтарды білу және ажырату
1.2. Ауызша сөйлеу тілі	5.1.2.1 дыбыстарды естіп, қабылдау және оларды дұрыс айту	6.1.2.1 дыбыстарды буындарда, сөздерде дұрыс айту	7.1.2.1 жуан, жіңішке дыбыстарды естіп, қабылдау және оларды буындарда, сөздерде дұрыс айту	8.1.2.1 буындармен сөздердің дыбыстық құрылымын ажырату және дұрыс айту	9.1.2.1 дауыссыз дыбыстарды естіп, ажырату және тиісті суретпен сәйкестендіре отырып, атау	10.1.2.1 қойылған мақсатқа сәйкес ақпаратты тыңдалған мәтіннен бөлу
	5.1.2.2 өмірлік	6.1.2.2 жуан,	7.1.2.2 жуан және	8.1.2.2 жуан және	9.1.2.2 әңгімелесуші	10.1.2.2 түрлі

	жағдайларға қатысты өз тілектерін, өтініштерін айту	жіңішке дауыстыларды естіп, ажырату және қайталау	жіңішке дауыстылардан құралған буындар мен сөздерді ажырату	жіңішке дыбыстардың сөзде қолданылуына қарай сөз мағынасын ажырату және айту	ілердің тиісті тақырып аясында диалогқа қатысуы	ақпаратты қабылдау, ақпараттың мазмұнына байланысты сұрақтар құрастыру
5.1.2.3	қарапайым сұрақтарға толық жауап беру және диалогқа қатысу	6.1.2.3 жуан және жіңішке дауыстылардан құралған буындар мен сөздерді қайталау және ажырату	7.1.2.3 тақпақтарды, жұмбақтарды, өлеңдерді жаттау және айту	8.1.2.3 өз бетінше өтініштерін айту, диалог орнату, сұрақтар қою	9.1.2.3 сюжетті суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру және айту	10.1.2.3 жағдаяттың уақытына, шарттарына және мақсатына сай өз іс әрекеттерін реттеуге және жоспарлауға белсенді сөздік нормаларды қолдану
5.1.2.4	қарапайым тақпақтарды жаттап, айту	6.1.2.4 мнемотехника арқылы сөйлемдерді, қарапайым тақпақтарды айту	7.1.2.4 тиісті дыбысқа сәйкес суретті, затты немесе сөзді табу және атау	8.1.2.4 затты қасиеттері бойынша тану және сипаттау	9.1.2.4 мәтіндегі суреттер арқылы жағдаятты әрі қарай болжау	10.1.2.4 өмірлік жағдаяттарды, табиғи құбылыстарды, іс-әрекеттерді сипаттау
5.1.2.5	сұрақтарға үлгі бойынша, ауызша айтылған тірек сөздер немесе сурет арқылы жауап беру	6.1.2.5 сұрақтарға сурет, ауызша айтылған тірек сөздер көмегімен жауап беру	7.1.2.5 мнемотехника арқылы сөйлемдерді, тақпақтарды, қысқаша ертегілерді айту, қайталау, жаттау	8.1.2.5 мнемотехника арқылы өлеңдерді жаттау, ертегілерді құрастыру және айту	9.1.2.5 затты қасиеттері бойынша сипаттау және ажырату, таныс іс-әрекеттерді сипаттау	10.1.2.5 затты қасиеттері бойынша сипаттау және ажырату
5.1.2.6	таныс ертегі кейіпкерле	6.1.2.6 диалогқа қатысу. Суреттерге	7.1.2.6 оқылған мәтінге педагогтің	8.1.2.6 мәтінде не туралы айтылғаны	9.1.2.6 мнемотехника арқылы өлеңдерді	10.1.2.6 шығарма кейіпкерлерінің

	рін атау, олардың әртүрлі эмоционалдық жағдайын айту	сүйеніп таныс ертегілерді қайталау	көмегімен суреттер бойынша ұқсас әңгіме құрастыру, сұрақтарға өз бетінше жауап беру	н суреттен көрсету, сюжетті суреттер арқылы оқылған мәтінге ұқсас әңгіме құрастыру	жаттау, ертегілерді құрастыру және айту	әрекеттері, сипаттамалары және оқиғалар арқылы жағдаятты әрі қарай болжау
	5.1.2.7 ертегілерді сахналауға қатысу	6.1.2.7 ертегілерді сахналауға қатысу	7.1.2.7 әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне педагогтің көмегімен мінездеме беру, тақырып аясында қойылым қою	8.1.2.7 әдеби шығармалардың кейіпкерлеріне мінездеме беру, тақырып аясында қойылым қою	9.1.2.7 ұсынылған жауаптар (суретте көрсетілген) арасында дұрыс жауабын таңдау арқылы жұмбақтарды шешу	10.1.2.7 қарапайым өлеңдерді, жұмбақтарды жатқа айту, жұмбақтарды шешу
					9.1.2.8 жеке әсерлері, сюжетті суреттер бойынша, педагог оқыған мәтінге ұқсас әңгіме құрастыру, сахналау	10.1.2.8 оқығаны педагогтің сұрақтары бойынша мазмұндау
						10.1.2.9 әдеби шығарманың кейіпкерлерін бейнелеу, қойылым қою
1.3. Оқу элементтері	5.1.3.1 жеке әріптерді тану, атау, оларды	6.1.3.1 буындап оқу, бүтін сөздерді, сөз тіркестерін	7.1.3.1 сөз тіркестерін, қарапайым сөйлемдерді оқу,	8.1.3.1 сөз тіркестерін, сөйлемдерді оқу, рөлге	9.1.3.1 сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп оқу, өлеңдерді	10.1.3.1 сөйлемдерді оқу, рөлге бөліп оқу, өлеңдерді

біріктіріп оқу	оқу, дауыстап оқу	рөлге бөліп, мәнерлеп, дауыстап оқу	бөліп, мәнерлеп, дұрыс оқу	мәнерлеп оқу	мәнерлеп оқу
